

Стандарттау және сертификаттау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Заңы 1993 жылғы 18 қаңтар. Күші жойылды - ҚР 1999.07.16. N 435 Заңымен. ~Z990435

Осы Заң арқылы стандарттау мен сертификаттаудың мемлекеттік жүйесін қалыптастырудың құқықтық, экономикалық және әлеуметтік негіздері белгіленіп, стандарттау мен сертификаттау саласындағы қатынастар реттеледі.

І Т А Р А У Ж А Л П Ы Е Р Е Ж Е Л Е Р

1-бап. Стандарттау мен сертификаттау туралы заңдар және Заңның қолданылу аясы

1. Стандарттау мен сертификаттау туралы заңдар осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінен тұрады.

2. Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан басқару органдары, заңды ұйымдар мен жеке адамдар арасындағы, сондай-ақ олар мен басқа мемлекеттердің заңды ұйымдары мен және адамдары арасындағы стандарттау мен сертификаттау саласындағы қатынастар:

Қазақстан Республикасы аумағында өнім жасау, өндіру мен өткізу, пайдалану, жұмыстар атқару және қызмет көрсету кезінде, сондай-ақ оның аумағына өнім ж е т к і з у к е з і н д е ;

басқа мемлекеттерге өнім беру, солардың аумағында жұмыстар атқару және қызмет көрсету кезінде реттеледі.

3. Егер Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленген болса, онда халықаралық шарттардың е р е ж е л е р і қ о л д а н ы л а д ы .

2-бап. Стандарттау мен сертификаттаудың мақсаттары

Стандарттау мен сертификаттаудың негізгі мақсаттары: өнімдерді, процестер мен қызметтерді нормативтік-техникалық қамтамасыз е т у ;

өнімдер, процестер мен қызметтер сапасының мәселелерінде тұтынушылардың мүдделерін қорғау;

адамдардың өмірі мен денсаулығы үшін өнімдердің қауіпсіздігін, айналадағы

ортаның қорғалуын қамтамасыз ету;
саудадағы техникалық кедергілерді жою, әлемдік нарықта өнімдердің
бәсекелестік қабілеттілігін қамтамасыз ету;
өнімдердің үйлесімділігі мен өзара алмастырылуын қамтамасыз ету;
ресурстарды үнемдеу;
өнім сапасын арттыру, ғылымның, техниканың дамуына, халықтың және
халық шаруашылығының сұранымына сәйкес өндірістік-шаруашылық қызметті
жандандыру және үйлестіру.

3-бап. Стандарттау мен сертификаттау объектілері
Стандарттау мен сертификаттау объектілері мыналар:
көп мәрте қайталап өндірілу және (немесе) пайдаланылу келешегі бар өнім,
қызметтер және процестер (бұдан былай - өнім).

4-бап. Стандарттау мен сертификаттау жөніндегі
жұмыстарды басқару

1. Қазақстан Республикасында стандарттау мен сертификаттау жөнінде
бірыңғай ғылыми-техникалық саясат жүргізу стандарттау метрология және
сертификаттау жөніндегі мемлекеттік органға жүктеледі.

2. Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекеттік орган
стандарттау мен сертификаттаудың мемлекеттік жүйесін құрады, стандарттау
мен сертификаттау саласындағы қызметті ұйымдастырып, үйлестіріп отырады,
стандарттау мен сертификаттау мәселелері жөніндегі халықаралық ұйымдарда
Қазақстан Республикасының атынан өкілдік өтеді.

І І Т А Р А У СТАНДАРТТАУ ТУРАЛЫ

5-бап. Стандарттаудың мемлекеттік жүйесі
Стандарттаудың мемлекеттік жүйесі стандарттау саласында

бірыңғай ғылыми-техникалық саясат жүргізілуін қамтамасыз етеді
және нормативтік құжаттардың әр алуан категорияларының жасалуын,
қолданылуын, олардың әзірлену, келісілу, бекітілу тәртібін,
мемлекеттік тіркелуін, стандарттар талаптары мен техникалық
шарттардың сақталуын мемлекеттік қадағалауды көздейді.

6-бап. Нормативтік құжаттардың категориялары
Стандарттаудың мемлекеттік жүйесі нормативтік құжаттардың

мынадай категорияларының жасалуын және қолданылуын көздейді:
мемлекетаралық стандарттар (ГОСТ);
Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттары (ҚРСТ);
техникалық шарттар.

7-бап. Мемлекетаралық стандарттарды жасау, бекіту
және тіркеу

Мемлекетаралық стандартты Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекетаралық кеңес қабылдайды.

Мемлекетаралық стандарттарды (ГОСТ) жасау, бекіту және тіркеу үкіметаралық келісімдерде белгіленген тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

8-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік
стандарттары мен техникалық шарттарын
жасау

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттарын отандық, шетелдік ғылым мен техника жетістіктері, озық тәжірибе негізінде өнімдердің бекітілген номенклатурасы (қызмет аясы) бойынша техникалық комитеттер және (немесе) басқару органдары әзірлейді.

Өнімдердің бекітілген номенклатурасы (қызмет аясы) бойынша техникалық комитеттер мен басқару органдарын стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекеттік орган бекітеді.

Техникалық комитеттердің құрамына өнім әзірлеушілердің, дайындаушылардың, тұтынушылардың (тапсырыс берушілердің), тұтынушылар қоғамдарының, ғылыми-техникалық және инженерлік қоғамдардың өкілдері, сондай-ақ стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекеттік орган мен оның ұйымдарының мамандары еруге тиіс.

Техникалық комитеттердің жұмысына Қазақстан Республикасының жетекші ғалымдары мен мамандары тартылуға тиіс.

2. Мемлекеттік стандарттар біртектес өнім топтарына және қажет болған реттерде нақты бір өнімге, өнімді әзірлеу, өндіру, пайдалану, қолдану кезінде техникалық бірыңғайлықты қамтамасыз ететін ережелерге және басқа да жалпы техникалық ережелер мен нормаларға талаптар белгілейді.

3. Мемлекеттік стандарттарда міндетті және ұсыныс ретіндегі талаптар белгіленеді.

М і н д е т т і т а л а п т а р ғ а :

адамдардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін;
айналадағы ортаны қорғауды;
үйлесімділік пен өзара алмастырушылықты;
қаптау, таңбалау ережелерін және міндетті талаптарға сәйкестікті бақылау
әдістерін қамтамасыз ететін талаптар жатады.

Ұсыныс ретіндегі талаптарға өнім сапасының тұтынымдық сипаттамаларын
қамтамасыз ететін талаптар жатады.

Тапсырыс берушінің қалауы бойынша оның мүдделерінің қорғалуын
қамтамасыз ететін міндетті талаптардың номенклатурасы кеңейтілуі мүмкін.

4. Техникалық шарттарды кәсіпорындар, ұйымдар жасайды да нақты өнімге (үлгілерге, маркаларға) талаптар белгілейді, бұл орайда техникалық шарттардың талаптары мемлекетаралық және мемлекеттік стандарттардың талаптарына сай келуге тиіс.

5. Мемлекеттік стандарттардың талаптары мен техникалық шарттар өнімді (бұйымды) жасаушы, дайындаушы беруші (өткізуші), сақтаушы, тасымалдаушы, пайдаланушы (қолданушы), жөндеуші және қызмет орындаушы барлық заңды ұйымдар мен жеке адамдар үшін міндетті.

9-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттары мен техникалық шарттарын бекіту және тіркеу

1. Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекеттік орган өз қаулысымен Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттарын бекітеді.

Техникалық шарттарды бекітуді басқару органдары, өнімді дайындаушы және тұтынушы Заңды ұйымдар мен жеке адамдар жүзеге асырады.

2. Стандарттар, техникалық шарттар мен оларға өзгерістер, сондай-ақ оларды жою жөніндегі шешімдер стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекеттік органға міндетті түрде тіркеуге жатады.

Мемлекеттік тіркеуден өтпеген стандарттар мен техникалық шарттар және оларға енген өзгерістер жарамсыз болып табылады.

10-бап. Қазақстан Республикасының стандарттары мен техникалық шарттарын қолдану

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттары мен техникалық шарттары олар күшіне енген кезден бастап қолданылады.

2. Өнім дайындаушыларға, егер олардың талаптары Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген стандарттарына қайшы келмесе және тұтынушылардың мүдделеріне сай келсе, шет елдердің халықаралық, аймақтық

және ұлттық стандарттарын тікелей қолдану құқы беріледі.

3. Тіркелген стандарттар мен техникалық шарттардың талаптарын бұзып өнім (бұйым) жасауға, дайындауға, беруге (өткізуге), сақтауға, тасымалдауға, пайдалануға (қолдануға) және жөндеуге, сондай-ақ адамдардың денсаулығы мен өміріне, айналадағы ортаны қорғауға әсер ететін өнімдерді тиісті нормативтік құжаттарсыз шығаруға тыйым салынады.

11-бап. Стандарттарды басып шығару және қайта басып шығару

Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттарын, сондай-ақ шет елдердің мемлекетаралық, халықаралық, аймақтық стандарттарын, стандарттау жөніндегі ережелер мен ұсыныстарын, ұлттық стандарттарын басып шығару және қайта басып шығару құқы стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекеттік органға беріледі.

12-бап. Нормативтік құжаттардың мемлекеттік қоры

Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекеттік орган нормативтік құжаттар қорын қалыптастырады және мыналарды жүзеге асырады:

мемлекеттік тіркеуден өткен стандарттарды, техникалық шарттарды мемлекеттік сақтау;

шет елдердің халықаралық және аймақтық стандарттарын, стандарттау, сертификаттау және метрология жөніндегі ережелері мен ұсыныстарын, ұлттық стандарттарын алу және сақтау; ақпаратпен қамтамасыз ету.

13-бап. Стандарттау жөніндегі жұмыстарды орындау

1. Стандарттау жөніндегі жұмыс тәртібі осы Заңмен,

стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекеттік орган қабылдайтын мемлекеттік стандарттау жүйесінің стандарттар кешенімен, сондай-ақ басқа да нормативтік актілермен белгіленеді.

2. Стандарттау жөніндегі жұмыстарды мыналар жүзеге асырады: стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекеттік орган;

басқару органдары;

стандарттау жөніндегі техникалық комитеттер;

занды ұйымдар.

14-бап. Стандарттау жөніндегі жұмыстарды жоспарлау

1. Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекеттік орган республикадағы стандарттау жөніндегі жұмыстарды жоспарлауға ұйымдық-әдістемелік басшылықты жүзеге асырады.

2. Мемлекетаралық стандарттау жөніндегі жұмыстарды жоспарлаудың тәртібі мен түрлері үкіметаралық келісімдерге сәйкес жүзеге асырылады.

15-бап. Стандарттар мен техникалық шарттар талаптарының сақталуына мемлекеттік қадағалау

1. Өнім сапасы мәселелерінде тұтынушылардың мүдделері мен құқыларын қорғау мақсатында стандарттар мен техникалық шарттардың сақталуына мемлекеттік қадағалауды Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітетін Ережеге сәйкес стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекеттік орган жүзеге асырады.

16-бап. Мемлекеттік қадағалауды жүзеге асырушы стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекеттік органның құқықтары

Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекеттік органның өнімді жасау, өндіру, жөндеу, тасымалдау, сақтау және пайдалану кезінде стандарттардың талаптары мен техникалық шарттарының бұзылғаны үшін;

бұзушылықтарды жою туралы нұсқау беруге;
өнімді өткізу мен қолдануға (пайдалануға), жұмыстар мен қызметтерді орындауға тыйым салуға;
өнім өндіру мен қызмет көрсетуді тоқтата тұруға;
сәйкестілік сертификатының күшін және сәйкестік Белгісін қолдану құқын тоқтата тұруға немесе жоюға;
айыппұл салуға құқығы бар.

III ТАРАУ СЕРТИФИКАТТАУ ТУРАЛЫ

17-бап. Сертификаттаудың мемлекеттік жүйесі

Сертификаттаудың мемлекеттік жүйесі сертификаттау саласында бірыңғай ғылыми-техникалық саясат жүргізілуін қамтамасыз етеді және сертификаттаудың негізгі қағидалары мен ережелерін, жүйенің принциптері мен құрылымын, сертификаттау жөніндегі органдарға, лабораторияларға (орталықтарға) талаптарды және оларды аккредиттеу тәртібін, сертификатталатын өнім өндірісін аттестаттау әдістемесін, сертификатталған өнімге және сертификаттау жөніндегі аккредиттелген органдардың,

лабораториялардың (орталықтардың) қызметіне инспекциялық бақылауды, сертификаттау мақсаттарын жүзеге асыруға қажетті басқа да ережелер мен талаптарды белгілейді.

18-бап. Мемлекеттік сертификаттау жүйесінің ұйымдық құрылымы

Мемлекеттік сертификаттау жүйесінің ұйымдық құрылымын мыналар құрайды:

стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекеттік орган;
біртектес өнімді сертификаттау жөніндегі органдар;
сынақ лабораториялары (орталықтары).

19-бап. Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекеттік органның сертификаттау саласындағы құқықтары

Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекеттік органның мынадай құқықтары бар:

біртектес өнімдерді сертификаттау жүйесінің басты органдарын тағайындайды және оларға белгілі бір жұмыс түрлерін жүргізу құқына рұқсат б е р е д і ;

сәйкестік Белгісін қолдану құқына сәйкестік сертификаттарын береді; аккредиттеуді және сертификаттау жөніндегі органдардың, аккредиттелген сынақ лабораторияларының (орталықтарының) сертификация ережелерін сақтауы жөніндегі қызметіне инспекциялық бақылауды жүзеге асырады; сертификаттау жөніндегі органдар негізсіз берген сәйкестік сертификаттарының күшін жояды немесе тоқтата тұрады;

сертификаттау жөніндегі басқа да органдар басып шығарған құжаттар мемлекеттік сертификаттау жүйесінің талаптарына қайшы келсе, олардың күшін жою жөнінде нұсқау береді.

20-бап. Біртектес өнімдерді сертификаттау жөніндегі органдар

1. Басқару органдары, заңды ұйымдар стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекеттік органдардың аккредиттелуіне жататын біртектес өнімдер жөніндегі органдар құруға құқылы.

2. Егер біртектес өнімдерді сертификаттау жүйесінде бірнеше орган аккредиттелген болса, онда олардың қызметін үйлестіру үшін стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекеттік орган бас органды тағайындауы мүмкін.

3. Біртектес өнімдерді сертификаттау жүйесін құрған кезде: сертификаттау объектілері, сондай-ақ осы жүйеде соның талаптарына сәйкес сертификаттау жүргізілетін нормативтік құжаттардың категориялары мен түрлері айқындалуға;

осы жүйеде сертификаттау жүргізу ережелері мен рәсімі белгіленуге; белгіленген тәртіп бойынша сертификаттау жөніндегі мемлекеттік реестрде сертификаттау жүйесінің органдары, сондай-ақ сертификат түрі, сәйкестік Белгілері және оларды қолдану ережелері тіркелуге тиіс.

21-бап. Сынақ лабораториялары (орталықтары)

Сынақ лабораториялары (орталықтары) стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен аккредиттелуге, заңды ұйым мәртебесіне ие болуға, өтінім иесінен немесе басқа да мүдделі тараптардан тәуелсіз болуға тиіс.

22-бап. Өнімдерді сертификаттау түрлері және сәйкестік Белгілері

1. Өнімдерді сертификаттаудың екі түрі - міндетті және ерікті түрлері белгіленеді.

Міндетті сертификаттау - өнімдерді стандарттың немесе оның адам өміріне, денсаулығына, азаматтардың мүлкіне және айналадағы ортаға қауіпсіздігін қамтамасыз өтетін өзге де нормативтік құжаттардың міндетті талаптарына сәйкестігін сертификаттау.

Міндетті сертификатталуға тиіс өнімдер тізбесін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілейді.

Өнімді ерікті сертификаттау оның стандартқа сәйкестігін немесе өтініш иесі

мен сертификаттау жөніндегі органның арасындағы келісім шарттарындағы тұтынушылық қасиеттері ескеріліп, өзге де нормативтік құжатқа сәйкестігін анықтау үшін дайындаушының (орындаушының), сатушының (берушінің) немесе тұтынушының инициативасы бойынша жүргізіледі.

Міндетті және ерікті сертификаттауды сертификаттау жөніндегі органдар өз құзыретіне сәйкес жүргізеді.

2. Өнімді міндетті және ерікті сертификаттауды жүргізу кезінде, сертификаттау жөніндегі орган он шешім қабылдаған жағдайда, өтініш иесіне тиісті сертификаттау жүйесі белгілеген тәртіппен осы өнімді сәйкестік Белгісімен таңбалауға құқық беретін сәйкестік сертификаты беріледі.

3. Сертификаттау жүйелерінде пайдаланылатын сәйкестік Белгілері сертификаттау жөніндегі мемлекеттік реестрде тіркеледі.

23-бап. Өнімнің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін т а л а п т а р

1. Қазақстан Республикасы аумағында заңды ұйымдар мен жеке адамдар шығаратын және міндетті сертификатталуға жататын өнімдерді сәйкестік сертификатынсыз өткізуге тыйым салынады.

2. Міндетті сертификатталуға жататын өнімді импортқа өткізуге жасалатын контрактылардағы (келісімдердегі) шарттардың бірі - стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекеттік орган таныған сәйкестік с е р т и ф и к а т ы н ы ң б о л у ы .

I V Т А Р А У СТАНДАРТТАУ МЕН СЕРТИФИКАТТАУ ТУРАЛЫ ЗАҢДАРДЫ БҰЗҒАНДЫҚ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

24-бап. Кәсіпкерлік қызметпен шұғылданатын лауазымды және жеке адамдардың стандарттау мен сертификаттау туралы заңдарды бұзғаны үшін ж а у а п к е р ш і л і г і

Кәсіпкерлік қызметпен шұғылданатын лауазымды және жеке адамдар стандарттау мен сертификаттау туралы заңдарды бұзғаны үшін заңмен белгіленген тәртіптік, материалдық, әкімшілік немесе қылмыстық жауапқа т а р т ы л а д ы .

25-бап. Заңды ұйымдардың стандарттау мен сертификаттау туралы заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілігі
Стандарттау мен сертификаттау туралы заңдарды бұзушы заңды ұйымдардан

стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекеттік органның ұйғарымы бойынша бюджет кірісіне мынадай мөлшерде ақша өндіріледі:

1) стандартсыз өнім өткізуден, бірақ әрі кеткенде 12 ай ішінде алынған нақты п а й д а ;

2) стандарттар талаптарына сай келмейтін, пайдаланылуы мен сақтаулы азаматтардың өмірі мен денсаулығына нұқсан келтіретін немесе нұқсан келтіруі мүмкін өнімді өткізу фактісі анықталған жағдайда, өткізілген өнімнің құны;

3) стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі

мемлекеттік органның тыйым салуына қарамастан өткізілген стандартсыз өнім құнының 50 проценті;

4) өткізуге арналған өнім стандарттар талаптары мен сертификаттау ережелеріне сау келмеу фактісі анықталған жағдайда, тексерілген сол өнімнің құны.

ЕСКЕРТУ. 25-бап екінші бөлікпен толықтырылды - ҚР Президентінің 1995.05.22. N 2297 жарлығымен.

ЕСКЕРТУ. 25-баптан екінші бөлігі алынып тасталсын - ҚР Президентінің 1995.12.21. N 2703 жарлығымен.

U952703_

V ТАРАУ ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

26-бап. Стандарттау мен сертификаттау саласындағы дауларды шешетін органдар

Стандарттау мен сертификаттау саласындағы дауларды соттар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қарайды.

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК